

5. Залевская А.А. Психолингвистика и усвоение языка. Жизнь языка и язык в жизни // Сборник статей посвя-

щенный юбилею Э.Д. Сулейменовой. - Алматы, 2005. - 478 с

Н. Ильясова

Лингвистический аспект речи

В статье рассматриваются лингвистические аспекты речи.

N. Ilyasova

Linguistic aspect of speech

The article deals with the linguistic aspects of speech.

Ж. Т. Исаева, А. Е. Тәттібаева

С.Ж.Асфендияров ат.ҚазҰМУ (Алматы қаласы)

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қай тілдің (әдеби тілдің, көркем шығармалар тілінің және халық тілінің) тоба қазығы - жеке сөздер. Олар тілдің ең басты, ең негізгі элементі. Тіл – сөзден құралады, сөз тілді сөйлетеді. Сондықтан біз әңгімені жеке сөзден (жеке-жеке сөздерді талдау барысында туған ой-пікірден) бастаймыз. Ең әуелі көркем әдебиет тілінде жеке сөздер мен олардың құрамы мен түрлері (түбір сөз, туынды сөз, біріккен сөз, қос сөз, сөз тіркесі, сөз орамы, яғни, күрделі сөз тіркесі) қалай пайда болады деген мәселеге баса назар аударамыз.

Көркем әдебиет тілінің лексикалық байлығын көркейтудің басты көзі – халық тілі болса, көзін тауып қолдана білген авторға ондағы қордың құнарлы нәрі аз емес. Епсекті жазушы әр сөзді құбылтып, әрқалай түрлендіріп те келтіре береді. Соларды есепке алып отыру – әдеби тілді өркендетудің ең бір көрнекті жолы, үйткені ол, ең алдымен, осы көркем әдебиет тілінен сусындайды. Е.Н.Жанпейісовтің сөзімен айтқанда, «Әдеби тілімізді байытатын ең негізгі фактор – көркем шығарма тілі» [1, 29]. Әдеби тіл, әрине, халық тілінің байлық көні тікелей ашып та пайдалана алады (әсіресе, кәсіби сөздер, тарихи сөздер т.б.), бірақ осылардың барлығын ой елегінен өткізіп, зерттеу тезіне түсіріп, жүйелі түрде түбегейлі мақсатпен сараптап отырғанымыз артық болмайды.

Көркем әдебиет тілі халықтың қарапайым сөйлеу тілінің негізінде жасалып, көркем әдебиет тілінен нәр алып отырады екен. Ол орайына қарай әдетте ауызекі тілдің элементтерінен де (әсіресе, мысалы, кәсіби сөздерді, әдеби тілде өзіндік баламасы жоқ басқа түрлі сөздер мен

сөз орамдарын) іске асырып, пайдаланып отырудан бас тарта қоймайды. Сонымен қатар ол көркем әдебиет тілінде түзіліп, барынша шындалып, творчестволық ақыл-ой, талабының елегінен өтіп, сүзіліп шыққан сөздерді де өз нормаларына бағындырып алып, толысып, байып, құнарланып құныққан, әрдайым дамып, өсіп-өркендеп отыру процесі осыны көздейді.

Осы күнгі әдеби тілімізде, сонымен қатар көркем әдебиет тілінде де қолданылып жүрген кірме сөздер, соның ішінде араб-парсы сөздерді саналуан, олар иініне қарай арнайы әңгіме болып та жүр. Мысалы, Р.Ф.Сыздықованың еңбектерінде мұндай сөздер өз алдына бөлініп, жеке қарастырылады. Осы автордың сөзіне қарағанда, XIX ғасырдың өзінде «ауызекі сөйлеу тілінде жиірек қолданылып, қазақ тілінің дыбыс заңдарына икемделген сөздерді сол қалыптасқан түрлерінде беру» әдеті орныға бастаған. Сонымен қатар әдеби тілдің нормалану процесіне қатысы бар құбылыстардың ішінде жергілікті диалектілік ерекшеліктердің өзіндік едәуір үлесі болған.

«Көркем әдебиет тілінің де, - деп жазады Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов, сондай ақ әдеби тілдің де негізгі материалы – халық тілі, халық тілі байлығының барлық қат-қабаты», сонымен бірге «әдеби тілімізді байытатын ең негізгі фактор – көркем шығарма тіл», - деп зерттеуші ғалым өз пікірін түйіп айтады [2, 68].

Әдеби тілімізде әлі қалыптасып үлгермеген, оның нормалық талаптілектеріне жауап бере алмайтын, бірақ ауызекі тілдің әсеріне байланысты қолданылу аясын өрістетіп, көр-

кем әдебиет тілінде кездесе беретін сөздер аз емес. Мысалы, осы сөз болып отырған тілде «әдеби тілге сайыса бермейтін диалектілік ерекшеліктер, тұрпайы сөздер, жаргондар, ауызекі тілдің элементтері қолданылуы мүмкін», - деп ескертеді Сейілбек Мұхамежарұлы Исаев. «Әрине, олар көркем шығармада өзінше өңделіп, түрленіп, орнын тауып, белгілі мақсатпен жұмсалады»[3, 95].

Халық тілінің байлығы – ұшан-теңіз. Оның барлығын біліп, меңгеріп алу, әнгіменің шын айтқанда, ешбір адамның қолынан келе бермейді. Әр халықтың, қандай болса да, жеке бір өкілі (со халықтың ұлы) өз тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамын ешуақытта жете біліп, түгел меңгеріп кетк алмайды. Әр тілдің лексикалық байлығы – бойлай алмайтын телегей теңіз. Ол теңізге еркін жүзуге болады, бірақ оны шет-пұшпақтан қана, айнала жүріп, аз-аздап бйлап меңгеру керке болады, түбегейлі, түгелдей билеп алу мүмкін емес.

Бұл айтылып отырған пікір мен болжамдардың, тоқтам мен тұжырымдардың өміршен екендігін төменде біз келтіретін мысалдар да белгілі бір дәрежеде дәлелдей алады.

Кірме сөздер, дәлірек айтқанда, араб-парсы сөздері түркі тілдерінің сөздік құрамына ертеден бастап ене бастаған. Олар XI ғасырда жазылған «Құтадғу біліктің» тілінен де, сол кезеңде дүниеге келген Қожа Ахмед Йассауидің шығармаларына да, XII ғасырда туып, тараған Ахмед Йүгінекидің еңбегінен де, т.б. тарихи туындылардың тілінен де табылады. Тек қана Махмуд Қашқаридың сөздігінде олар ұшырмайды, өйткені автор өз шығармасының тілі қалың қауым-көпшілік оқушыға барынша түсінікті болуы үшін бөгде сөздерді әдейі есепке алмаған. Автор өзі солай деп жазады, «мен, бірақ, оқушылардың пайдалану мәселесінен көздедім. Мен күнделікті қолдануда жүрген сөздерді бердім, қолданудан шығып қалған сөздерді алмадым», - деп жазады.

Кірме сөздер әр тілге, көбінесе, ауызекі сөйлеу тілі арқылы енеді. Жазба тіл, кітаби тіл арқылы келуі де ғажап емес. Ел аралап, халық тілінің материалдарын тірнектеп теріп, қадағалап жинап, сұрыптап алғанда. М.Қашқари кірме сөздерді көре көзге екерусіз қалдырып отырған. Ондай қор – жұтаң емес, сүбелі де сүйкімді. Көп сөздер қолтума туындылар сияқты сіңісіп кетті. Жоғарыда айтылып өткендей, әдеби тілге де, көркем әдебиет тәлене де барынша бойлап, ен жайлап келеді.

Кірме сөздер халық тілінің сан-саналы, қат-қабат өмірін түгелдей қамтиды десек те болады. Олар жұмсалмайтын сала – шамалы-ақ, кездеспейтін аясы – өте тар. Кірме сөздердің семантикалық өрісі – кең, стильдік мүмкіншіліктері – мол, икемділік қасиеттері – жетерлік. Олар тілге сыналап кіріп, сынаптай сырғиды, көзін тауып, иінін келтіріп, тастай батады, судай сеңеді. Сондықтан да олар тілден тілге көшіп жүреді, әр тілдің сөздік қорынан өзіне ғана тән орнын («нишасын») таба біледі. Сонысымен қажет те, қастерлі де. Семантикалық мағынасына қарай ең көп тараған сөздер, бұл адам өмірінің рухани тұрмысын білдіретін, көбінесе абстракциялық ұғым беретін лексемалар болып келеді. Енді біз солардың бағзы бір түрлерін мысалға келтірелік.

Барақат. Д.Досжан шығармаларында былай қолданылады: «Бұрын ойлайтын: «қиян түкпірдегі қыстаудан аттап шықпай, Қызылқұмнан өзге дүниені білмеі – көрмей бұл жарық дүниеден өтетін шығармын», - деп, «Құм адамды болудан артық барақат жоқ» деп [4, 28]. Н.Д. Ондасыновтың зерттеулері бойынша, бұл араб тіліндегі барақатун деген сөз. Мағынасы – «раққатың, көктің жарылқауы, сый тартуы» (ауыспалы мағынасы – «күт», молшылық, бақыт)». Қазіргі қазақ тілінде береке, берекет, берекетсіз, мереке, мерекесіз, берекесіздену, берекесізденіп, берекесіздік, берекелесу, мерекелеу, береке – күт, берекелі, мерекелі, берекелік, мерекелік, берекелілік, берекелірек деп айтыла береді. 40 мыңнан астам сөзді қамтитын «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1978) осы сөздің береке мен мереке деген тұлғалары бар да, барақат формасы жоқ. Бұл форма орысша «благословение, благодать, небесный дар» деген мағына береді». Аталып отырған сөздің лексикалық және семантикалық мән – мағынасы о бастан-ақ беретін өзінің ұғымына сай келеді: «Аяпбердінің кейінгі кезде әсіте тозып, жүдеп, жүйкелеп жүргенінің кінәсі осынау қиын бейнет, құм жыланы, бір емес, екі емес, айлап, жылдап қайталап келе беретін барақатсыз, бейкүт тірлік мапары екеніне осы мезет анық көз жеткізді».

Уақап. «Ал, сау болындар!...Ал, малға уақап болындар!...» деп, соңында көзі боталап қалып бара жатқан Зейнелді құшып, сүюді де білмей, зоотехниктің жаман газигіне сүңгіп, секілдеп кете барыпты. Жоғарыда көрсетілген «Арабша – қазақша түсіндірме сөздіктің»

материалдары бойынша уақап сөзі араб тіліндегі уақифун сөзімен ұялас екен. Ол «бақылаушы, қараушы» деген мағына береді. Қазіргі араб тілінде бұл сөз «ограждение, предохранение, охрана, защита» деген ұғым береді. Ол Д.Досжан келтіріп отырған сөздің мән-жайына сәйкес қолданады: «Директордың жан тері шығып, сүймектеп, сыртқа құр қауқары шықты. Үнін жұтып, қырылдап қалыпты. Көзі қанталап, Аяпберкенге төнеді. «Сен ана малына уақап бол!» - дейді естілер-естілемес қылып сыбырлап-қырылдап».

Пәс. Әңгіме болып отырған шығармалардың тілінде жиі кездеседі, уақыт, мезгіл, момент мағыналарын береді: «Жас келіншекті орта жолда опат етіп алмасак жарар еді-ау деген санасында екіұдай үрей мен қауіп алмакезек; алдына өңгеріп, әлдилеп алған келіншектің жанары пәс сайын шөлмектей ағарып, алыс сағымдарға ұмтылған ұстамалы ауруы бар бақсыдай әлденені көмей астынан әлсіздеу күбірлеп, құшағынан сусып кете беретін секілді». Өзбек тіліндей жиі қолданылады: пас-бир пас (разговорное – один момент, миг, мгновние). Бұл сөз парсы тілінен ауысқан болу керек, онда ол уақыт, мезгіл мағынасын беруін бергенімен, дәл қазіргі қазақ тіліндегідей емес: пәс (после, потом, итак, следовательно). Әрине, бір тіл мен екінші тілдің арасында ауыс-түйіс араласып жүрген сөздердің мағынасы барынша тұрақты болып қалуы міндетті емес. Олар әр халықтың талап-тілегіне, қолдану орайына, жұмсалу иініне қарай азды-көпті жаңа мағына алып, өзіндік ұғым

нюанстарын өзгертіп отырады. Ауысып келген сөз ендігі жерде туған тілінің лексемасы ғана емес, келген (кірген) тілдің белді бір элементі болып қызмет атқаруға тиісті, сонда барып ол сіңісіп кете алды.

Қазіргі қазақ тілінде осы іпеттес тағы бір сөзі бар: «пәс (п. пәст) – нас, аласа, төмен, пасық, жаман, кем, арамза (низкий, невысокий, малый, плохой, пошлый, подлый, грязный)». Бұл да – парсы тілінің пәст (низкий, подлый, презренный) деген сөзімен өзектес. Парсы тіліндегі пәстке қарағанда қазақ тіліндегі пәс сөзінің семантикалық өрісі кеңейген тәрізді (парсы тілінде жоғарыда көрсетілген «нас, аласа, төмен, невысокий, малый» деген сияқты мағыналар сезілмейді).

Кірме сөздердің әдеби тілге енуге барынша бейім тұратын бір себебі – олардың әдеби тілде тиісті баламалары бола бермейтінінде. Егер де әдеби тілде олардың баламалары бар бола қалса, олар халық тіліне еңбеген де болар еді, өйткені халық тілі сол баламаларды әдеби тілдең алып пайдалана берер еді. Халық тілінде де, әдеби тілде де қажетті кірме сөздердің орны «қаңсып бос тұрғандықтан», олар сол орынды толтыру үшін ауысып келеді.

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілдің тарихы (XV – XIX ғасырлар). Алматы, 1993.

2. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі (Октябрь алды және 20 – 30 жылдар) Алматы, 1968.

3. Досжанов Д. Жолбарыстың сүрлеуі. Повестер. Алматы, 1984.

4. Ондасынов Н. Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1984. 1-том.

Ж. Т. Исаева, А. Е. Таттибаева

Особенности употребления ряда лексических единиц в языке художественных произведений

В статье рассматриваются особенности употребления ряда лексических единиц с точки зрения того, что «самым основным факторам обогащения литературного языка является язык художественных произведений».

J.T. Isaeva, A.E. Tattibaeva

Features of using a number of lexical items in the language of art works

This article discusses the use of several features of the lexical unit according to "the most fundamental factors of enrichment of the literary language are the language of fiction."

Ж. Көпбаева,

филология ғылымдарының кандидаты

МӘТІННІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Адам психикасы, оның құпиясы мен мол табиғаты, естелік және ессіздік сияқты т.б. психологиялық философия, психология және әдебиеттану ғалымдарында жан талдау тәсілін тудырып, адам мәселесін тереңдей зерттеуге ден қоя бастады.

Көркем мәтіндер әртүрлі болуына байланысты оларға бір жақты мінездеме беру – өте күрделі мәселе. Мысалы, ғылыми мәтіндерде белгілі бір теорияның қорытындысы, түйіні берілсе, көркем мәтіндер түйсік пен эмоцияның көмегі арқылы адамның сезіміне әсер етуге бағытталады.

Көркем әдеби шығарманың мазмұны өнер әлемін танып қоюмен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, ішкі жан дүниенің сарайына, сезім әлеміне өзгерістер ендіріп, қабылданған ақпарат ми жадында сарапталады. Жалпы, адамзат жаратылғаннан бері өзін-өзі тануға деген талпынысы толастаған емес. Адам баласында болатын табиғи, биологиялық, физикалық, психологиялық, сезімдік құбылыстарды әр ғылым өз саласы бойынша зерттейді. Осылардың ішінде әдебиет «адамтану» ғылымы деп есептеліп, адамзаттың «сүю, күйу үшін, азап шегу үшін жаралған» жұмбаққа толы әлемін жан-жақты зерттейтін пән ретінде танылады [1,192].

Көркем шығарма дәлдігі – адамның ішкі әлемінің, құпия-қалтарыстарының нақты бейнелеуінде. Демек, кейіпкердің ішкі және рухани әлемін, іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік түрғыда зерделей зерттеп, жан-жақты тілдік талдаулар жасағанда ғана мәтінді психолінгвистикалық түрғыда бағалауға болады.

Мәтінді қабылдау арқылы оқырман өзінің парасаты мен эмоциялық жігерлі қасиеттерін дамытып, өзіндік эстетикалық, этикалық позицияларын айқындай түседі. Ойлауға, сезінуге, толғануға тән қасиеттерін жетілдіреді. Осыған байланысты орыс ғалымдары көркем мәтіннің психологиялық жағына баса назар аударып, ерте кезден бастап зерттеу нысандарына айналдырған. Жалпы, орыс тіл біліміндегі мәтіннің көркемдік айшықтарын психолінгвистика

түрғысынан бағалауға көптеген ғалымдар еңбек етті. Олар көркем мәтінді лингвистика және психикалық жақтан ғылыми түрде зерттеудің қажеттілігін түсінді. Демек, психолінгвистиканың негізгі қызметі - адамның сөйлеу механизмінің құрылысы мен әрекетін белгілі бір мөлшердегі тіл құрылысының көзқарасы негізінде қарастыру. Сондай-ақ психолінгвистикада қабылдаудың рецепторлық ережесіне сүйене отырып, сөйлеушінің қабылдауымен бірге, ақпараттың миға «құйылуының» бір жақты процесі ретінде зерделенген. Орыс ғалымдары рецепторлық теорияға тиісінше сөйлемнің қабылдауын, атап айтқанда, сөйлеуді қозғайтын сөздің, дыбыстың, буынның міндетін іске асыратын белсенді динамикалық процесс ретінде анықтаған. Ғылым саласының объектісі туралы орыс ғалымы А.А.Леонтьев: «Психолінгвистика-тіл құрылымы мен тіл қабілетінің арасындағы қатынас, оның тақырыбы болып табылады. Сөйлеу әрекеті - тұтас сөйлеу механизмін, нақты психолінгвистикалық үйлесімділікті, сөйлем құрамындағы ойды, логиканың қатысуын қарастырды», - деп тұжырым жасаса [2,21], Д.Слобин «Психика тілді игерудің және оны қолданудың негізінде жататын ойлау процесін зерттеуде психология мен лингвистиканың рөлі ерекше», - деп көрсетеді [3,87]. Олай болса, психолінгвистика сөйлемдердің туып, қалыптасып, қабылдауын негізге алады. Демек, лингвистика мен психологияның ортақ пәні-тіл жүйесі болып табылады. Ал тіл –математикалық теория, яғни ақпараттың базалық көзі. Ендеше көру, сезу мүшесі арқылы қабылдаушы алынған ақпаратты ми жадында сараптайды. Ол декодтау процесі арқылы жүзеге асады[3,112]. Бұл үрдісті А.А.Леонтьев «сөйлесім әрекеті» деп атап, қатынас жасау, ойды сыртқа шығару құралы деп есептеген [2;92].

Психологиялық мәселер жөніндегі ойлар мен анализдердің мүмкіндігі ғылыми негізінде жүргізілген зерттеу тәжірбиелерінің нәтижесі көркем мәтінді қабылдауға, түсінуге, сезінуге, сонымен қатар, сөйлеу жүйесінің теориялық түрғыда қалыптасқандығын көрсетті.